**Павлодар облыстық мәслихатының 2018 жылғы 14 маусымдағы "Қосымша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету туралы" № 236/22 шешіміне толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Павлодар облыстық мәслихатының 2019 жылғы 8 қарашадағы № 416/35 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 қарашада № 6605 болып тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облыстық мәслихатының 2021 жылғы 22 сәуірдегі № 21/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облыстық мәслихатының 22.04.2021 № 21/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 9-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар облыстық мәслихатының 2018 жылғы 14 маусымдағы "Қосымша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету туралы" № 236/22 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5997 болып тіркелген, 2018 жылғы 26 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы келесі мазмұндағы 11, 12 жолдармен толықтырылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 11 | Көмейдің стенозы (тарылуы) | "Colistin"; "Флуимуцил"; "Пульмикорт"; "Беродуал"; "Адреналин"; "Оттегі аппараты"; "Манжетсіз трахеостомиялық түтік"; "Вакуумдық бақылаумен аспирациялық катетор"; "Жылу-ылғалды алмастырғыш"; "Дыбыстық клапандар"; "Саусақтың пульсоксиметрі"; |

| | | |
|---|---|---|
| | | "Дәке тампондары"; "Трахеостомаға бітеуіштері"; "Желіден портативті сорғыш"; "Бекіту таспалары"; "Компрессорлар мен майлықтар"; "Шприцтер". |
| 12 | Целиакия (глютендік энтеропатия) | "Глютенсіз ұн"; "Глютенсіз қоспа"; "Глютенсіз вафли (кекстер)"; "Глютенсіз печенье"; "Глютенсіз макарондар"; "Глютенсіз томат тұздығы"; "Глютенсіз йогурт". |

".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың әлеуметтік және мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,*
*облыстық мәслихаттың хатшысы* *Б. Бексейітова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК